

**Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 98 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы N 23 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 24 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5608 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 148 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 148 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде " Агенттік Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 98 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3581 тіркелген) , "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің ( уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 98 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 78 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4208 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге

ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2005 жылғы 26 наурыздағы N 98 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Агенттік Басқармасының 2007 жылғы 27 тамыздағы N 220 қаулысымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4950 тіркелген) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге, мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің ( уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта:

2-тармақтағы "қайтарып алуға" деген сөздер "айырып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 1) тармақшасында " қайтарып алу " деген сөздер "айырып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

б - қосымшада:

1.1-реттік нөмірлі жолдағы "алдындағы" деген сөзден кейін "жалақыдан және (немесе) өзге кірістен, алименттен ұсталған төлемдер, сондай-ақ шарттар жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2-реттік нөмірлі жолдағы "алименттер мен" деген сөздер алынып тасталсын;

4-реттік нөмірлі жол мынадай редакцияда жазылсын:

"4	Бюджетке төленетін салықтар және басқа міндетті төлемдер бойынша берешек					”;
----	--	--	--	--	--	----

4.1.-реттік нөмірлі жол алынып тасталсын;

10 - қосымшада:

1.1, 1.2.-реттік нөмірлі жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

1.1	Уақытша әкімшіліктің басшысы және мүшелерінің, сондай-ақ еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу				
1.1.1.	Лауазымды еңбекақы				
1.1.2	Табыс салығы				
1.1.3.	Міндетті зейнетақы жарналары				
1.2.	Өтемақы жасалатын шарттар бойынша қызмет көрсететін тұлғалардың еңбегіне ақы төлеу				

”;

1.3.-реттік нөмірлі жол алынып тасталсын;  
 2.2.-реттік нөмірлі жолдағы "Алымдар" деген сөз "Төлемдер" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7, 8-реттік нөмірлі жолдармен толықтырылсын:

"

7	Жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық активтермен қамтамасыз ету жөніндегі, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, сондай-ақ жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударым жасау жөніндегі шығыстары			
8	Күтпеген шығыстар			

";

12-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

13 - қосымшадағы

"

оның ішінде,							
1. салымшылардың өтініштері бойынша							
2. салымшылардың өтініштерінсіз							

"

деген жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Банктерді тарату департаменті (Жұмабаева З.С.):

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға қызметі (А.А.Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө.Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Қ а р ж ы  
 н а р ы ғ ы н ж ә н е қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н  
 р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у а г е н т т і г і

Бас қармасының 2009 жылғы  
27 ақпандағы N 23 қаулысына  
қосымша

"Банктің, сақтандыру (қайта  
сақтандыру) ұйымының және  
жинақтаушы зейнетақы қорының  
уақытша әкімшілігінің уақытша  
басқарушысының) есеп пен өзге  
ақпаратты беруіне қойылатын  
талаптар туралы нұсқаулыққа

12-қосымша

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша (есепті күн)

**\_\_\_\_\_ (ұйымның атауы) уақытша әкімшілігі**  
**қызметкерлерінің саны туралы есеп**

Уақытша әкімшіліктің еңбек шарттары бойынша жұмыс істейтін  
қызметкерлері

Реттік нөмірі	Қызмет атауы	Штат бірліктерінің саны	Штат кестесіне сәйкес жалақы мөлшері (мың теңгемен)	Еңбекке ақы төлеу қоры (мың теңгемен)
Бас офис				
	Жиынтық			
Филиалдар және өкілдіктер				
	Жиынтық			
	Есепті кезең үшін барлығы			

Ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет жасайтын тұлғалар

Реттік нөмірі	Қызмет атауы	Бірліктердің саны	Штат кестесіне сәйкес ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша еңбекке ақы төлеу мөлшері (мың теңгемен)	Еңбекке ақы төлеу қоры (мың теңгемен)
Бас офис				
	Жиынтық			
Филиалдар және өкілдіктер				
	Жиынтық			

	Есепті кезең үшін барлығы			
Уақытша	әкімшілік	жетекшісі	-----	-----
Бас	бухгалтер		-----	-----
Орындаушы			-----	-----
телефоны".				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК